

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2023 – 2024 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: \_\_\_\_\_ Амангелді орта мектебі \_

Топ/сынып

\_\_\_\_\_ Мектепалды даярлық сыныбы \_\_\_\_\_

Балалардың жасы \_\_\_\_\_ 5-6 жас \_\_\_\_\_

Жоспардың құрылу кезеңі \_\_\_\_\_ Мамыр айы 2023-2024 оқу жылы \_\_\_\_\_

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр айы	Дене шынықтыру 3 сағат	<p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту 2 сағат	<p>кітаптарға қызығушылық танытады; кейіпкердің ерекшеліктерін жеткізу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады; кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді; көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналауға қатысады; рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын береді;</p>

	қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі, дербес орындайды; түрлі дереккөздерден алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөліседі; айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіреді; сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолданады;
<b>Көркем әдебиет 2 сағат</b>	Адамгершілік нормалары туралы түсінік. Келесі дағдыларды қалыптастыру: 1) өз ойын айта білу, басқалардың пікірін тыңдай білу, ұл балаларға (мықты, батыл, еңбекқор және тағы басқа) және қыздарға тән мінез-құлық ерекшеліктерін (биязы, әдемі және тағы басқа) талқылау; 2) әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалау.
<b>Сауат ашу негіздері 3 сағат</b>	Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету.
<b>Қазақ тілі 2 сағат</b>	Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.
<b>Математика негіздері 3 сағат</b>	Салмақты өлшеу. Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру. Заттар тобынан 1-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін "артық" затты бөліп алу, паздарды жинау, логикалық ойын тапсырмаларын орындау және т. б.
<b>Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат</b>	. Табиғатпен таныстыру  Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын

		<p>адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.</p>
	<p><b>Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті</b>  <b>1 сағат</b>  <b>Құрастыру</b></p> <p><b>Сурет салу</b></p> <p><b>Мүсіндеу</b></p> <p><b>Жапсыру</b></p>	<p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден, оларды қосу әдісімен жануарлардың, адамдардың пішіндерін жасай білуге үйрету. Пішіндердің түрлі күйлері мен қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Сюжеттік сурет салу:</p> <p>1) бейнелерді бүкіл параққа, бір сызықтың бойына, жалпақ жолақшаға орналастыру біліктерін қалыптастыру. Бейнені айқындау құралдарын, ересектердің еңбегін, қоғамдағы оқиғаларды қолдана отырып, балаларды табиғаттан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету. Ертегі желісі бойынша сурет салу; Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету, біртекті заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әр қилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту.</p> <p>Сюжеттік жапсыру.</p> <p>Балаларға қағазға заттарды орналастыру дағдыларын үйрету. Жапсыруларды құрастыру барысында объектілердің көлемі бойынша қатынасын, заттардың бөліктерінің пішінін, құрылымын, қатынастарын көре білу іскерліктерін меңгерту.</p>
	<p><b>Музыка</b>  <b>2 сағат</b></p>	<p>Би шығармашылығы.</p> <p>Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын</p>

		<p>дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> <p>Музыкалық (дауылпаз, асатаяк, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру</p>
--	--	---

**Мамыр айы**  
**«Дене шынықтыру»**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	«Өз денемізді өзіміз басқарамыз!»	2	3-6.05
2	«Қазақстан халықтарының ойындары» (таза ауада)	2	8-10.05
3	«Жұптағы спорттық ойындар»	2	13-15.05
4	«Тату бола білеміз!»	2	17-20.05
5	«Біз оқушы боламыз!»	2	22-24.05

**«Сөйлеуді дамыту»**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Түлкі мен қоян(ертегі)	1	2-14.05
2	Жаздың кезі көңілді	2	16-21.05
3	Асфальттағы суреттер	1	23.05

**«Көркем әдебиет»**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Достық мерекесі(Серікбай Оспановтың өлеңі)	1	3.05
2	Жеңіс күні(Қайрат Жұмағалиевтің өлеңі)	2	10-14.05
3	Бала – біздің болашақ (Қасым Аманжоловтың өлеңі)	2	17-21.05
4	Ертегілер еліне саяхат	1	24.05

**«Сауат ашу негіздері»  
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Біз нені үйрендік?	2	2-6.05
2	Біз нені білдік?	2	8-13.05
3	Үйренгендерімізді қайталаймыз	2	15-16.05
4	Біз нені үйрендік, нені білдік?	1	20.05
5	Біз нені үйрендік?	1	22.05
6	Біз нені үйрендік, нені білдік	1	23.05

**«Қазақ тілі»  
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Киіз үй	1	2.05
2	Қазақстан – ортақ үйіміз	1	3.05
3	Қазақстан – ортақ үйіміз	1	10.05
4	Көлік	1	16.05
5	Алақай, жаз келді!	1	17.05
6	Жаз қызығы	1	23.05
7	Ерте, ерте ертеде ...	1	24.05

**«Математика негіздері»  
ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Таразы.	2	2-6.05
2	Өлшеу.	2	13-14.05
3	Нені білеміз, нені жасаймыз.	2	16-20.05
4	Математикалық жазулар	1	21.05
5	Математикалық жазулар	1	23.05

**«Қоршаған ортамен таныстыру»  
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Жануарлар жауынан қалай қорғанады?	1	6.05
2	Көктемгі табиғаттың өзгеруі	1	8.05
3	Ағаштарды не үшін отырғызады?	1	13.05
4	Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген?	1	15.05
5	Табиғатқа қамқор бол	1	20.05
6	Біз – жас зерттеушіміз	1	22.05

**«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»  
(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру)  
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	Көбелектер	1	14.05
2	Ұшақтар шеруі	1	21.05

**«Музыка»  
Ұйымдастырылған іс-әрекеті**

<b>№</b>	<b>Тақырыбы</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>күні</b>
1	«Ел қорғауға әзірміз»	1	3.05
2	«Жас ұландар»	2	8-10.05
3	«Біз мектепке барамыз»	2	15-17.05
4	Жаз келді	1	22-24.05